 <b>SATBAYEV UNIVERSITY</b>	<b>«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b>	
3-деңгейдегі СМЖ құжаты	2024 жылғы «_26_» _12_ №2 редакция	Е. 029-05-02.3.01-2024

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ  
электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Е 029-05-02.3.01-2024**

Алматы 2024

**АЛҒЫСӨЗ**

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы

«20» 12 2024 ж.



Ж.Орақбаева

**2 КЕЛІСІЛДІ**

Басқарма мүшесі-әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор

«25» 12 2024 ж.



С.Шалабаев

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы бастығының міндетін атқарушы


«24» 12 2024 ж.



Т.Абукенов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы

«23» 12 2024 ж.



А.Сауранбаева

3 ҚазҰТЗУ Басқармасының 2024 жылғы «26» 12 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**, № 18 хаттама

4 2020 жылғы 01 қыркүйектегі №1 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

**МАЗМҰНЫ**

1 Жалпы ережелер	4
2 Терминдер, анықтамалар, қысқартулар	4
3 ҚазҰТЗУ қызметінде ЭЦҚ пайдалану	5
4 Жауапкершілік	6
Өзгерістерді тіркеу парағы	7

## 1 Жалпы ережелер

1.1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану туралы ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ (бұдан әрі – ҚазҰТЗУ/Университет) электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаларды қолдану тәртібін реттейді.

1.2 Осы Ереженің талаптары ақпаратты электрондық түрде беру кезінде өзара іс-қимыл жасайтын және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланатын Университеттің барлық қызметкерлеріне қолданылады.

1.3 Ереже:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №703 "Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың, құжаттаманы басқарудың және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы" қаулысына;

– Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 07 қаңтардағы №370 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ «Ақпараттандыру туралы» Заңына;

– электрондық құжат айналымы саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарға сәйкес жасалды.

## 2 Терминдер, анықтамалар, қысқартулар

2.1 **Электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚАЖ)** – қатысушылары арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі.

2.2 **Электрондық құжат (ЭҚ)** – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

2.3 **Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – қол қойылатын электрондық құжаттың дұрыстығын, оның мазмұнының өзгермейтіндігін және қолдың иесіне тиесілігін растайтын электрондық нысандағы басқа ақпаратқа (қол қойылатын құжат) қосылған электрондық нысандағы ақпарат (электрондық цифрлық нышандар жиынтығы).

2.4 **ЭЦҚ кілті (жабық кілт)** – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған символдардың бірегей тізбегі. Жабық кілт негізгі тасымалдаушыда сақталады және тек иесіне белгілі парольмен қорғалады.

2.5 **ЭЦҚ тексеру кілті (ашық кілт)** – ЭЦҚ иесін сәйкестендіру жүзеге асырылатын және қол қойылғаннан кейін құжатта өзгерістердің болмау фактісі куәландырылатын цифрлық код.

**2.6 ЭЦҚ тексеру кілтінің сертификаты (тіркеу куәлігі)** – ЭЦҚ тексеру кілтінің сертификат иесіне тиесілігін растайтын, ҚР ҰКО беретін қағаз тасымалдағыштағы құжат немесе электрондық құжат. Сертификаттың құрамына бірегей тіркеу нөмірі, куәландырушы орталықтың (ҚР ҰКО) деректемелері, сертификаттың әрекет ету мерзімі, иеленушінің Т.А.Ә. кіреді.

**2.7 ҚР ҰКО - "электрондық үкіметтің"**, мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің қатысушыларына қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы;

**2.8 Тіркеу куәлігінің иесі** - атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті заңды түрде иеленетін жеке немесе заңды тұлға.

**2.9 Кілттің бұзылуы** - пайдаланылатын кілттердің ақпараттың қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне сенімсіздігі. Кілттердің жария етілуіне байланысты оқиғаларға мыналар жатады:

- Кілт тасымалдағыштарының жоғалуы;
- Кілтті бар ақпаратқа рұқсаты бар қызметкерлердің жұмыстан шығуы;
- Жабық кілтті сақтау және жою қағидаларының (қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін) сақталмауы;
- құпия байланыс жүйесінде ақпараттың таралып кетуі немесе оның бұрмалануы туралы күдіктің туындауы.

**2.10 Қарапайым ЭЦҚ** – электрондық құжатты белгілі бір адам жасағанын және/немесе жібергенін растайтын логин мен парольдің тіркесімі. Қарапайым ЭСҚ кілті пайдаланылған ЭҚАБЖ операторлары белгілеген ережелерге сәйкес қолданылады.

### **3 ҚазҰТЗУ қызметінде ЭЦҚ пайдалану**

**3.1** Электрондық құжаттарға қол қоюға құқығы бар Университет қызметкерлерінің тізімі Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Осы бұйрықта ректордың жеке кабинетінде қызметкерлердің өтініштерін растауға уәкілетті лауазымды тұлға белгіленуі мүмкін.

**3.2** Электрондық құжаттарға қол қою құқығын алған Университет қызметкері (ЭЦҚ пайдаланушысы) белгіленген тәртіппен заңды тұлға қызметкері мәртебесінде ҚР ҰКО тіркеу куәлігін алуы тиіс.

**3.3** ЭЦҚ-ны лауазымды тұлғалар жоғары тұрған мемлекеттік органдарға жіберілетін бұйрықтарға, өкімдерге, құжаттарға, сондай-ақ тиісті бизнес-процестердің талаптарына сәйкес ЭЦҚ-ға қол қойылуы мүмкін қаржылық және басқа да құжаттарға бұрыштама қою, қол қою үшін пайдаланады.

**3.4** ЭЦҚ көмегімен құжаттарға қол қою – Университеттегі ЭҚЖ пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

**3.5** ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық нысандағы ақпарат өз қолымен жазылған қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең мағыналы электрондық

құжат болып танылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кез келген құқықтық қатынастарда қолданылуы мүмкін.

3.6 Қызметтік жазбалар, өтінімдер және т.б. сияқты ішкі құжаттарға қол қою үшін, егер пайдаланылатын ЭҚЖ-да осындай мүмкіндік болса, қолданыстағы ЭҚЖ тетігіне кіріктірілген қарапайым (ішкі) ЭЦҚ пайдаланылуы мүмкін. Ішкі ЭЦҚ-мен қол қойылған құжаттар сыртқы ұйымдар үшін заңды мәнге ие болмайды.

#### **4 Жауапкершілік**

4.1 ЭЦҚ тексеру кілті сертификатының иесі:

- куәландырушы орталыққа дұрыс ақпарат беруге;
- тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті пайдалануға;
- өзіне тиесілі ЭЦҚ жабық кілтін бөтен тұлғаның заңсыз қол жеткізуінен және пайдалануынан қорғау шараларын қолдануға, сондай-ақ ашық кілттерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтауға;
- егер кілт бұзылды деп санауға негіз болса, ЭСҚ-ны тексеру кілтінің сертификатын тоқтата тұруды дереу талап етуге;
- белгіленген регламентке сәйкес ЭЦҚ тексеру кілтінің сертификатын жаңартуға;
- қол қойылатын құжаттардағы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

4.2 ЭЦҚ тексеру кілті сертификаты иесінің:

- құжатқа қойылған қолтаңбадан бас тартуға;
- бұзылған кілтті пайдалануға;
- бөтен ЭЦҚ пайдалануға немесе басқа тұлғаға ЭЦҚ тексеру кілтін беруге құқығы жоқ.

4.3 ЭЦҚ рұқсатсыз пайдаланылған жағдайда заңсыз пайдалан салдары үшін жауапкершілік ЭЦҚ кілтінің иесіне жүктелуі мүмкін.

**Өзгерістерді тіркеу парағына \_\_\_\_\_**

*құжаттың атауы*

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы